

ФРАЗЕОЛОГИЯ

Гайнулина Жанна
ИЯ – 13к


Фразеология (грек. phrasis — сөйлемше, logos — ұғым) —

- 1) тілдегі тұрақты тіркестерді қазіргі және тарихи даму тұрғысынан тексеретін тіл білімінің саласы;
- 2) бір тілдегі тұтас Фразеологиялық қор

- Кеңесбаевтың авторлығымен шыққан «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» қазақ фразеологиясына ғана емес, қазақ тіл біліміне де қосылған елеулі үлес.



- Гүлдей жайнады – гүл – гүл жайнады
- Гүлдей солды – жан азабын шекті



- Фразеология жеке лингвистикалық пән ретінде ХХ ғасырдың 40 жылдары қалыптасты. Фразеологияның теориялық негізін қалаушылар ретінде француз ғалымы Ш. Баллиді, Ресей академигі В. В. Виноградовты атауға болады. Ә. Болғанбайұлы мен Ғ. Қалиев «Қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы» атты еңбекте: «Фразеологизмдердің өз алдына дербес лингвистика саласы екендігін танытатын негізінен үш белгісі бар. Олар: 1) даяр қалпында жұмсалу белгісі, 2) мағына тұтастығы, 3) тіркестірілушілік белгісі», – деп жазады.

Қазақ тіліндегі
фразеологизмдер де
фразеологиялық тұтастық,
фразоологиялық бірлік
және фразеологиялық
тізбек болып негізінен үш
топқа жіктеледі.

- **Фразеологиялық тұтастық.** Бұл топқа фразеологизм құрамын- дағы сөздер бір-бірімен тұтасып, әбден жымдасып кеткен олар-дың мағыналық жігін ешқандай ажыратуға болмайтын тұрақты тіркестер жатады. Мәселен, *мұрнынан шаншылып жүр, мұрнына су жетпеді* дегеннен қолы тимеді, бұрылуға мұршасы болмады дегенді түсінеміз.

- **Фразеологиялық бірлік.** Бұлар да фразеологиялық тұтастық тәрізді орын тәртібі жағынан өте тиянақты болып келеді. Алайда, құрамындағы сөздердің мағынасының қаншалықты тасалануы, я болмаса, тасаланбауы жағынан елеулі өзгешеліктері болады. Бұлар ең алғашқы еркін тіркесті ауыспалы мағынада қолданудан келіп шығады. Мәселен, *ескі жараның аузып ашты* дегеннен өткенді қайта қозғады, ұмытып кеткенді еске салды дегенді түсінеміз.

- **Фразеологиялық тізбек.** Бұл да фразеологиялық бірлік сияқты еркін тіркесті ауыспалы мағынада қолданудан келіп шыққан. Яғни тұрақты тіркес сыңарларының бастапқы лексикасы: мағынасы бүтіндей жойылмағанымен, жойылуға жақындап, күңгірт тарта бастаған. Мысалы: бота көз, қоян жүрек, асқар бел, тоң мойын, сойдақ тіс, қауға бас.

Пайдаланған әдебиет:

- К. Аханов “Тіл білімінің негіздері”
- І. Кеңесбаев “Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі”
- <http://referattar.kazaksha.info/frazeologizm>
- Ә. Хасенов “Тіл білімі”